

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің орталық аппаратының мүдделі бөлімшелеріне, аумақтық филиалдарына және екінші деңгейдегі банктерге ж і б е р с і н .

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары Е.Т. Жанкелдинге жүктелсін.

Ұ л т т ы қ Б а н к

Төрағасы

Қазақстан Республикасы
Ұлттық Банкі Басқармасының
2000 жылғы 22 қыркүйектегі
N 355 қаулысымен

бекітілген

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 1999 жылғы 28 наурыздағы N 37 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі мен екінші деңгейдегі банктердің, сондай-ақ банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың арасында корреспонденттік қатынастар орнату жөніндегі ережелерге өзгерістер

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 1999 жылғы 28 наурыздағы N 37 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі мен екінші деңгейдегі банктердің, сондай-ақ банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың арасында корреспонденттік қатынастар орнату жөніндегі ережелерге мынадай өзгерістер енгізілсін:

1. 7-тармақтың бірінші азатжолы мынадай редакцияда жазылсын:

"7. Ұлттық Банк осы Ережелердің 6-тармағына сәйкес құжаттарды қабылдап алғаннан кейін банкпен корреспонденттік есепшот шартын жасайды, оған арнайы кітапта тіркелетін банктік бірегейлендіру кодын және жеке бірегейлендіру кодын береді. Банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдармен корреспонденттік есепшот шартын жасау үшін 6-тармақта көрсетілген құжаттардан басқа Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының корреспонденттік есепшот ашу туралы қаулысы қажет".

2. 26-тармақтың бірінші азатжолындағы "және басқа" деген сөздер алынып т а с т а л с ы н ;

с о ң ғ ы с ө й л е м а л ы н ы п т а с т а л с ы н .

3. 53-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"53. Чектің түпнұсқасы Ұлттық Банк филиалының күнделікті құжаттарына тігіледі".

Ұ л т т ы қ Б а н к

Төрағасы

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК